



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Жаңалықтарға мәтін жазу.
Сабақталған инеге сәт табылмақ



I.

Армысыздар! Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабына негізделген дәрісіміздің кезекті тақырыбын бастаймыз. Хиллиард өз еңбегінде жаңалықтар үшін мәтін қалай жазылуы қажеттігін ұғындырады. Оны айтып берген соң сіздерге өзімнің, яғни Қайнар Олжайдың тарапынан айтылатын тақырыбым да бар. Ол қолға ілінген фактіні қалай ойнату хақында болмақ.

Алдымен американдық әріптесіміздің айтар ойларын қазақшалап жеткізейік.

Бұл жолы ақпарат майданындағы журналист жаңалықтарға арналған мәтінді қалай жазуы керек дегенді талқылаймыз.

Кез-келген оқиға адамдарды қызықтырады. Кейде оларға әлгі оқиға тікелей әсер етуі де ғажап емес. Жаңалықтарда бәрі де сөз бола береді. Ағаш басында қалған мысықты құтқарудан бастап, соғыс басталғанына дейін жаңалықтар ретінен орын алуға хақылы.

Қайсының жаңалыққа лайық екендігін таңдау мен анықтауда журналистерге жауапкершілік жүктеледі. Ал эфирде осы орайда айтылған сөздердің жауапкершілігін тікелей мәтінді жазған автор өз мойынан алады. Көптеген елдерде үкіметтер әйтпесе цензура рұқсат етпейтін тақырыптар бар. Бірақ кейінгі кезде олар телевизия мен радио эфирлерінде айтылмағанымен, газетте жазылмағанымен әлеуметтік желілер арқылы бәрібір көпшілікке жетіп жатыр.

Жаңа технологиялар кәсіби журналистің репортаждарын айырбастай алмайды. Бірақ әлеуметтік желідегілер журналист жетпеген немесе оның баруына тыйым салынған аймақтардан бірқатар ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бұдан әрі Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабында ақпараттың қайнар көзі не екендігін талдайды. Жаңалықтың қайнар көзі бір тынбастан шапқылып, жан-жағына алақтап жүретін репортер дейді. Ол жергілікті ақпарат құралдарына қажет ақпаратты әр жақтан іздейді. Көп ретте редакцияға немесе жеке репортердің өзіне хабарласқан жай азаматтар маңызды оқиға болып жатқанын айтады. Полиция немесе өрт қызметімен редакция арасында тұрақты байланыс болады. Мекемелердің баспасөз қызметтері мен қоғаммен байланыс агенттіктері де тұрақты жаңалықтарды жеткізуші саналады. Бұл оқиғалар туралы мәтін жазу барысында ақпараттың анық-қанығын жеткілікті білу керек. Баға беруде асығуға болмайды.

Егер жағдайдың шындығы мен нақтылығы күмән туғызса, онда автор қосымша зерттеулер жүргізеді. Материалды тексеріп, нақтылап редакциялайды. Оны телефон қоңырауы, ватсап сияқты жаңа ақпараттық арналар арқылы мәтін түрінде алғызуға болады. Немесе уақыт табылып жатса оқиға орнына шығып, қосымша материал жинап, адамдармен сөйлесіп келеді.

Жақсы істер туралы жаңалықтар бес сұраққа жауап береді. Олар: кім, не, қашан, қайда және неліктен. Айталық автор кімге не болғанын және қайда әрі қашан болғанын біледі делік. Бірақ әлі не үшін болғаны анықталмаған. Демек оны білгенше жаңалық мәтіні толық емес деп есептейді Роберт Хиллиард.

Жаңалықтарды берер кезде оны бұрынғы осындай оқиғалармен салыстыру маңызды болып тұрады. Сондықтан ақпарат құралының архивінен осыған тектес оқиғаларды іздестіруден ерінбеу керек. Бұл газет сайттарындағы файлдар, телевизия мен радио қорындағы электронды түрдегі аудио және бейне жазбалар болуы да мүмкін.

Оқиға болған жердегі репортер ақпаратты бірінші қолдан алатыны анық. Ол тіпті тікелей эфирге шықпағанның күннің өзінде одан кейінгі жаңалықтарда репортердің оқиға болған жерде жүргенін көрсетуі өте ұтымды шығады. Егер алдын ала айтылған, хабарланған жағдай болмаса, репортер әдетте ол жерге оқиға болған соң келеді. Ондай кезде оқиғаның куәгерлерінен не болғанын сұрастырады.

Эфирге немесе газеттің бетіне беретін жаңалықты таңдағандағы басты ұстанымдар мыналар: біріншіден - басқаларда жоқтығы, екіншіден – беделді болуы, үшіншіден – өтімділігі деп тұжырады Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабында.

Ал жаңалық мәтініне де үш тірек қояды. Олар дәл, нақты және толық болуы.

Мұнда аз сөзге көп мән сыйғызу шеберлікті талап етеді. Тіл қарапайым, сөйлем барынша қысқа жазылады. Жаңалықтар мәтінінде құрмалас сөйлемнен қашу керек.

Жаңалықтың мәтінінде оның басы, ортасы және аяғы болады. Одан кейін көп фактіні тізбектеу жаңалықты жаңылдырып жібереді. Сондықтан ең қажетті, қадау-қадауын таңдай керек. Әр сөйлемде бір фактіден тұрса құба-құп дейді бұл тарауға қатысты дәрістің соңында Роберт Хиллиард.

Енді біз өзіміздің отандық журналистика фактіге қалай қарауы керек, сол туралы ойларымызды



сабақтаймыз. Әлі жиырма минут құлақтарыңыз түрүлі болсын.

II

Сонымен санаңызда айтар ой, көз алдыңызда бөлісер факті баршылық делік. Айтпақшы, осы «факт» сөзін де жиырма жылдай бұрын қазақшалағандар болды. Орнына «мәнбі» деген балама ұсынылған. Біраз тілші ғалымдар, оның ішінде Байынқол Қалиев ағамыз ғылыми айналысқа еңгізуге талпынды. «Ана тілі» газетіндегі қысқа материалдарының бірінде Жұматай Сабыржанұлы да «факті» сөзінің қасына жақшаға алып «мәнбі» деп жазғанын көзіміз шалған. «Мәнбіден» шығарып, «мәнбір» деген тағы бір сөз ұсынылған. Оған Байынқол ағамыздың түсіндірме сөздігінде «Бір істің, оқиғаның, іс-әрекеттің қозғаушы күші, уәжі, себебі, факторы» деген анықтама берілген. Беріде елеусіз қалса керек, қазіргі ақпарат құралдарында «мәнбі» де, «мәнбір» де кездесе қоймайды.

Осы тұста кейбір белгілі сөздерді аударуға қатысымыз болғанын айта кеткіміз келеді. Тоқсаныншы жылдар енді басталғанда «Егемен Қазақстан» газетінің хабар бөлімін басқардық. Ол кезде қазіргідей емес кәдімгі қағазға жазылып, конвертке салынған хаттар келеді. Күн сайын бірнеше ондаған хат почтаға түседі. Оның көпшілігін сол кездегі еңбек демалысына шыққан, қолдары бос ақсақалдар жазады. Жалпы, сексенінші жылдардағы қоғам өзгеше болатын. Онда жұрттың бәрі өзгерісті қалады. Сол өзгеріске асарын асап, жасарын жасаған қарттардың өзі құлшыныс танытатын. Белсенділіктері ересен еді.

Әлгі хаттардағы көтерілген мәселе халыққа қажет болса газетке шығару үшін қорытып, дайындаймыз. Өзінің ресми аты да «хат қорыту». Тура металлургтің болат қорытқанына ұқсас. Сөздерін сәл түзейміз. Ұзақ болса қысқартамыз. Шолақтау болса ойын ұштап өз тарапымыздан сөйлемдер қосамыз. Бұл редакцияның жауапты жұмыстарының бірі саналады. Ол кезде Коммунистік партияның еңбекшілер хаттарына мұқият қарау жөніндегі тапсырмасы бар. Тіпті, талай рет арнайы қаулы қабылдаған. Сондықтан газеттің бір нөміріне осындай бірнеше хат шығады. Біз соны дайындаймыз. Кейбір шалдар қырсық. Егер бізге жазған хаты жарық көрмей жатса, енді партияның Орталық Комитетіне арыз айдайды. Егер хаттары газетке шығаруға жарамаса біз авторға «осындай себеппен хатыңыз пайдалануға келмеді» деп жауап жазамыз. Кейде сол жауаптың өзінен пәле іздейтіндер бар. Не керек майдангер ақын Қасым Аманжоловтың сөзімен айтқанда «кып-қызыл оттың ішінде жүреміз».

Сонымен газетке жариялау үшін ақсақалдардың хаттарын қорытамыз. Газетке шығарарда автордың аты жөнінен кейін «пенсионер» деп қоятынбыз. Сосын адресін, облысы мен ауданын көрсетеміз. Күнде осылай бірнеше рет «пенсионер» деп жазамыз да жатамыз.

Сексенінші жылдар аяқталып қалған. Қанша дегенмен жариялылық желі жеткен. Аздап еркіндік бар. Қазақ тілін қайта жандандыру жөніндегі жұмыстар басталған. Бір күні отырдық та әлгі «пенсионер» деген сөзді «зейнеткер» деп аударып бердік. Газетке шығу үшін бөлім дайындаған материалды бас редактор немесе оның орынбасарлары оқып, қол қойып береді. Тәртіп солай. Біз бірінші орынбасарға апарып бердік. Аздан соң бұл қызметтегі Ержұман Смайыл ағамыз өзіне шақырды. Не үшін екені бірден білдік. Ұрса ма дегенбіз. Жоқ, алақанын ысқылап қуанып отыр екен. «Пенсонерді» «зейнеткер» деп аударып жазғаныңды көрдім. Жақсы екен» деді. Сөйтіп әлгі хат негізінде дайындалған материал газет бетіне түсті. Ертесінде шықты. Келер күндері де «пенсионерді» солай аударып бере бастадық. Көз үйренді, құлаққа сіңісті болып кетті. Біртіндеп «пенсия» сөзі осы жөнмен «зейнетақы» болып аударылды. Ақыры заңдарда осылай жазылды. Қазір елімізде қазақ тілді азаматтардың ешбірі пенсия мен пенсионер деп сөйлемейді.

Кейбір жаңа, жатық аударма сөздер осылай кірігіп кетеді. Ал кейбірі мүлде құлаққа қонбайды. Санаға сіңбейді. Айталық интернетті аударудың қажеті қанша. Біз алдағы сабағымыздың бірін орашалақ аудармаға арнаймыз. Әзірге сөз әлгі «мәнбі» деген аудармадан шығып кетті ғой. Қанша дегенмен «мәнбі» көпшілікке жете қоймады. Жетсе де қолданысқа еркін кіре алмады. Кейде керісінше дұрыс аударылмаған сөздер орнығып қалады. Мысалға «жанұяны» алуға болады. «Семья» деген сөзді отбасы деген байырғы дәл мағыналас сөзі бола тұра «жанұя» деп біздің спортты жиі жазатын ағамыз аударып тастады. Ол кезде «отбасылық спартакиадалар» өтетін. Орысшасы «семейная спартакиада» ғой. Осындағы «я и моя семья» тіркесін әлгі спорт журналисі ағамыз «жанұя» деп жазды. Тілді қадірлейтін үлкен кісілер, арасында академиктер де бар «жанұя» деген жасанды сөзге қарсы болды. Бірақ, тоқтата алмады. Қазір екінің бірі «жанұя» деп сөйлейді, ол біртіндеп «отбасы» сөзін өзінің тілдік жылы ортасынан ығыстырып барады.

Табиғатта оның ішінде Қазақстанның даласында, қазір майна деген құс пайда болған. Негізі Үндістан мен Бирманы мекен еткен. Кейін Ауғанстан тауларын жайлады. Ал, Ауғанстандағы соғыс кезінде майна құсы шекарадан киналмай ұшып өтіп, Өзбекстан мен Қырғызстанды жайлады. Сосын Қазақстанның



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жаңалықтарға мәтін жазу. Сабақталған инеге сәт табылмақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

оңтүстіктегі қалалары мен ауылдарына баса-көктеп кірді. Сөйтіп қарлығаш пен басқа момын құстарды байырғы даласынан ығыстырып келеді. Тегі торғай болған соң майна жұртқыштар қатарына жатпайды. Мүнікі – алдап, жасқап жемін бұрын жеп кету, ұясына беймезгіл кіріп, жұмыртқаларын жарып тастау, сол ұяны босатпай қою. Осы қасақана әрекеттері арқылы күші өзімен шамалас, бірақ айласы аз қанаттастардың кеңістігін тарып алып келеді. «Жанұя» сөзі де қазір қарлығашты жоқ ете бастаған майна құсы сияқты «отбасы» сөзін қолданыстан шығарып жатыр. Енді манағы негізгі тақырыпқа оралайық.

Қош, фактіңіз, яғни материал бар. Ендігісі соны жазу ғой. Кірісіңіз. Тура кірісерде біраз ойланып қаларыңыз хақ.

Бірінші мәселе – сол фактіні немесе ойды қалай пайдалану? Салыстырып айтсақ, әйеліңіздің қолында, әйел болсаңыз өзіңіздің қолыңызда үш кез жібек шыт бар делік. Одан не тігіп кигіңіз келеді? Көйлек, жастың қабы, әлде көрпенің астары ма? Жібек соның бәріне де жарайды. Бірақ тек біреуі үшін кәдеге асады ғой.

Факті немесе бір түйір ой небәрі шағын мақала, жазба, сюжетке өзек бола алады. Онда қысқа ғана дүние шығады. Және оны дер кезінде қолға іліккен, көзге көрінген, миға түскен сәтінде жаза салған дұрыс. Қазақтың «темірді қызған кезінде сок» дегені сияқты.

Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстан» газетіне редактор кезінде «Бір ауыз сөз» атты айдар ашты. Шағын ойға, дір еткізер әсерге арналған рубрикаға ең белсенді атсалысқандар – Шер-ағанның өзі, Маңғыстау облысында меншікті тілші Темірхан Медетбек пен газеттің аға тілшісі Әмірхан Меңдеке еді. Осы үштік жазған «Бір ауыз сөз» қысқа да шымыр мақаланың үлгісі іспетті. Одан кейін қысқа жазу үлгісін Жұматай Сабыржанұлы көрсетті. Егер газетте шағын мақала арқылы қоғамға ой саламын деген авторлар болса газет тігінділерінен немесе кітаптардан осы үлгілерді оқығаны жөн.

Қазір азғана ойға, шағын көрініске құрылған дүниені газет тұрмақ, әлеуметтік желіде әркім жазады. Ал, журналист мақалада, бағдарлама сценаринде бірнеше ойды жинауы, талай фактінің басын тоғыстыруы керек. Теңеп айтқанда; әлеуметтік желідегінің бәрі – Астанада велосипед теуіп жүрген тұрғындар да, журналист – «Астана», әлде басқадай команданың шабандозы. Екеуіне талап екі басқа. Бірі құлап қалмай, жол ережесін бұзбай дйттеген жерге дереу жетсе болды. Иә, сонымен бірге қаланың экологиясын сақтағаны, өз денесін аздап шынықтырғаны бар. Ал спортшыға талап өзгеше. Өзіндей қарсыластармен сайысқа шығады. Жұрт таңдай қағатын көрсеткішке жетеді. Шеберлігін, тәжірибесін байқатады. Спорттық мінезін көрсетеді. Ақыр аяғында лайықты медалін алады. Әлеуметтік желінің жазарманы мен журналист арасын осылай түсіндіре алсақ керек. Сол үшін де журналистке жалаң факті, жұтаң ой аздық етпек. Мұны – бір деңіз.

Екіншіден – қолдағы фактіні қалай қолдану деген мәселе бар. Бір факті журналист үшін дара оқ, бір рет қағылатын шеге іспетті. Шегені керек жерге қағасыз. Ол не екі тақтайдың арасын қосады, не қабырғадағы картинаны ұстап қалады. Енді оны келесі жерге қағуға болмайды. Әр шегенің өз міндеті бар. Соны орындаса жетеді. Сол сияқты журналист қолындағы факті, ой – бір ғана мақаланың азығы. Демек, ойды орынды, фактіні ретіне қарай пайдаланып қалу керек. Қай тұста маңызды, соған орай.

Мысал іздейік. Әлгінде шеге дедік қой, соған-ақ қатысты болсын. Мынау факті: Қабдеш Жұмәділов «Жазушы» баспасында редактор кезінде өзінің жұмысын ылғи қисық шегелерді түзететін шеберге теңепті. Айтқаны рас, факті даусыз. Ал қалай пайдаланамыз? Анығында қайда пайдаланамыз? Біріншісі: Қабдеш ағамыздың өмірі мен қызметі туралы мақалада. Екіншісі: баспа редакторларының жұмысы туралы мақалада. Үшіншісі: көптеген жазушылардың шығармашылыққа қалай болса солай жауапсыз қарағаны туралы мақалада.

Көрдіңіз бе, бір факті сіздің қаламыңыздан туатын бірнеше мақалаға сұранып тұр. Тіпті, төртіншіден: шеге туралы зерттеу мақала жазып, оның тегі – темір, бұрынғы жасаушысы – ұста, қазір мұның мыңдаған түрі бар екенін түгендей келіп, «жазушы Қабдеш Жұмәділов сөздері дұрыс жазылмаған шығарманы қисық шегеге теңеген» деп түйінденуге де жарайды.

Иә, сіз қалам ұстаған соң осы фактіні ең керек, ең маңызды материалға жұмсауыңыз керек.

Жаңа Темірхан Медетбек ағамыздың атын айттық. Ол кісінің сонау тоқсаныншы жылдар басында жазған «Бір ауыз сөзі» әлі ойда. Қи ойып жүрген жұмысшы қысқы қорада қатып қалған жылан тауып алады. Оны басқаларға көрсетіп қойнына тыққан. Жұмысшының денесінің жылуымен бойынша жан біткен жылан сосын әлгінің өзін шағып, байғұс сол жерде өледі. Тем-ақаң «Бір ауыз сөздің» соңын қилы заманда бастарына қиындық түсіп келген түрлі ұлт өкілдері енді қазақтардың өзіне тиісе бастағанына қатыстырып түйіндеген. Бұл – қазақ даласының шығысы мен батысында, солтүстігі мен орталығында сепаратистер бой көрсеткен тоқсаныншы жылдар басындағы жағдай еді.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жаңалықтарға мәтін жазу. Сабақталған инеге сәт табылмақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Сонымен бір журналист бұл жерде Темірхан Медетбек факті тапты, дер кезінде сәтті пайдаланды дейікші. Сол фактіні екінші журналист сарымайдай сақтауы мүмкін. Жиырма жылдан астам уақыт жинап қояр еді. Кезегі міне келді: 2018 жылы қаңтар айында АҚШ-тың орталық штаттарында қатты аяздан қолтырауындар қатып қалыпты. Жол-жөнекей айта кетелік, 1979 жылы студент кезімізде «Социалистік Қазақстан» газетіне «Қолтырауынның көз жасы» деген тақырыпта мақала жазғанбыз. Сонымен қолтырауындар қатып қалыпты. Суреттерін де көрдік. Айқасқан азулары бар тұмсықтары мұздан шошайып-шошайып шығып тұр. Ал ғалымдар «ештеңе етпейді» депті. Күн жылынғанда қайта тіріліп кетеді екен. Көрдіңіз бе, баяғы қорада қатып қалып адам қойнында тірілген жылан мен аязда қатқан қолтырауындар туралы екі фактіні қосып қаны суық жер бауырлаушылар жайында мақала жазуға болады екен.

Осы тұста әлгі ортадан қосылған аударма туралы ойымызға тағы оралаудың реті келіп тұр. Бірде Қазақстанның жоғары басшылығы біз жоғарыда айтқандай аударма мәселесіне алаңдаушылық білдірді. Ретсіз аударманың көбейіп кеткенін сынға алды. Сын орынды еді. Бірақ, мысалға келтірілген, дұрыс емес деген сөздер арасына «қолтырауын» мен «керікті» қосқанымен келісе алмадық. Өйткені, біз қолтырауын сөзін 1979 жылы газетке шыққан памфлетте пайдаланған екенбіз. Ал арада қырық жылдан соң крокодилді неге қолтырауын деп аударып жүрсіндер деп мәселе көтеру бұрынғы білмеуді, білсе де көзге ілмеуді аңғартады.

Сонымен қазақтың сөзімен айтсақ «сабақты ине – сәтімен». Бір жерде сабақты иненің болса, әйтеуір кәдеге жарайды: не көйлекке түйме қадағанда, не көрпе жамағанда. Сол сияқты қолыңызда бір фактініз боса, қалай да оны мақалаға немесе сюжетке кіріктіріп жіберудің сәті түседі. Оған асығудың керегі жоқ.

Токсаныншы жылдар соңында «Хабар» агенттігінде бас редактордың орынбасарымыз. Бас редактор орыс тілді маман, «Хабардың» сол тілдегі жаңалықтарына жауапбереді. Біздің міндетіміз қазақ тіліндегі жаңалықтардың блогын эфирге әзірлеу. Қарамағымызда он-он бес тілшіміз бар. Соның бірі – сол кездегі жас журналист Дархан Әбдік.

Сол уақытта милиция халықты қорғау орнына өздері қарақшылық пен басқа да дөрекі әрекеттер жасай бастаған. Өйткені олардың жалақысы берілмейді, отбасыларын асыруы керек. Оны ақтамаймыз. Бірақ жалпы елдегі жағдай осылай болған соң милиция не істесін. Сөйтіп Дарханға бірде полицияның заң аясына асып кететіні, халықты қорғау орнына өздері қорлау әрекетіне баратыны туралы сюжет жасауға тапсырма бердік. Дайындады. Оқыдық та қатты қуандық. Эфирден өткенде талайларды таң қалдырды. Таң қалдырған бір ғана нәрсе. Әйтпесе милицияның қылығын халық біліп алған. Дархан сюжеттің соңында «бұл милицияңыз баяғының Құрымбайы ғой» деді. Міне, фактіні ойнату, пайдалану. Құрымбай бір кезде Бейімбет жазған жиырмасыншы жылдардағы сауатсыз милиция ғой. Дарханның сол Бейімбеттегі фактіні алып жиырмасыншы ғасыр соңындағы полицияны сипаттауға пайдаланғаны нысанаға дөп тиді. Фактіні орынды пайдаланудың ең жарқын үлгісінің бірі осы.

Фактіні табу үшін көп іздену керек. Түртініп әрнені оқи беру керек. Кейде ғылыми сайттарда, кейде түрлі авторлардың кітаптарында бір ғана жолдық дерек кездеседі. Жалқы дерек ретінде. Жалғыз сөйлем түрінде. Ал енді осыны індете, жалқыны жалпыға айналдыруға болады.

Өз журналистік тәжірибемізден мысал келтірейік. Қазақстанның Алтайына, яғни Шығыс Қазақстан облысының Катон Қарағай мемлекеттік қорығына барған сапарымызда қорық мамандарының бірі жылдан жылға таудың етегіндегі қарағайлар өз-өзінен азайып, жас қарағайлар бұрынғыдан биікке өсіп шыға бастағанын айтты. Яғни етек жақта бұрын қарағай орманы өскен жиектер бос қалып, оның орнын басқа ағаш түрлері мен шөп басқан. Ал қарағайлар жоғарыдағы бұрын өспеген шыңдарға қарай тырмыса бастаған.

Осы бір ауыз сөз, былайша алғанда факті бізді ойландырды. Іздене бастадық. Бірте-бірте қолымызға көптеген материалдар жинақталды. Әлгі құбылысты осы Катон-Қарағайға келіп ғылыми бақылау жүргізген жапон ғалымдары бірнеше жыл бойы тіркеп, бұл жер бетінің ғаламдық жылынуының белгісі дегенін таптық.

Иә, қарағай суыққа өсетін ағаш, қатты ыстыққа төзбейді. Ал жер үстінің жылына бастауы оларды таудың суықтау биігіне тырмысып шыға бастауға мәжбүр еткен. Тау етегі бұрынғыдан жылы болып кеткендіктен ондағы қарағайлар өсуін тоқтатып құрай бастаған.

Ары қарай іздендік. Американдық ғалымдар Азия мен Солтүстік Американың көптеген жануарлары мен жәндіктері сағат сайын солтүстікке қарай 20 сантиметр жылжып жатқанын есептеп шығарыпты. Демек, олар да ыстықтан қашып солтүстікке қарай бас сауғалап келеді. Мұндай жағдайда нақ солтүстікті, ең суық аймақты өздеріне мекен ететін ақ түлкі, түрлі құстар, ең бастысы ақ аю қайда барады? Міне, бұл үлкен сұрақ.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жаңалықтарға мәтін жазу. Сабақталған инеге сәт табылмақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Осыған орай зерттеу мақала жазу барысында адамзат бірінші техникалық төңкерісті бастағалы, демек алғашқы бу машинасы, паровоз пайда болғалы жердің беті бұрынғысынан бір жарым градусқа жылығаны туралы деректі білдік. Екі жүз жылдың ішінде бір жарым градусқа жылыну көптеген өзгерістерге әкелді. Бұрын болмайтын дауылдар соға бастады. Бұрын болмаған цунамилер мен торнадолар пайда болды. Қайбір жылы Алматыдағы Медеу шатқалындағы бүкіл ағашты сұрапыл дауыл бес-он минутта апай-топай құлатып кетті емес пе? Жануарлар мен жәндіктер байырғы мекенін тастап солтүстікке ығысып жатыр. Осының бәрі әлгі бір жарым градустың әлегі. Ғалымдар жер жүзі бұрынғы, нақты айтсақ 1800 жылғы деңгейден толық екі градус жылығанда тіршіліктің бәрі құриды деген байлам жасап отыр. Міне, осы мәліметтер мен пікірлерді толық жинап алған соң «Екі ғасырдағы екі градус» атты мақала жаздық. Оған көптеген үнқосулар келді. Алдағы уақытта бұл мақаланың негізінде деректі фильм түсіру жоспарымызда бар. Сценариін әзірлеп қойдық.

Осындай үлкен мақала мен фильмге қорықшының бір ауыз сөзі, қолымыздағы жалғыз факті себепкер болды. Ол әлгі қарағайлар бұрынғыға қарағанда жоғары қарай тырмысып барады дегені.

Кейде фактіні пайдалана отырып, оны ретімен бере алмайтын жағдайлар кездеседі. Естігенін немесе көргенін дұрыс пайдаланбай, басқа бір ойға қатысты айта салады. Немесе оны сол қалпы айтып ешкім байқап, бағаламайтындай ескерусіз қалдырады. Елең еткізер дерек әлі өңделмеген металл бағалы сияқты. Көптің көзіне түспей қалады. Ал әлгі бір кесек алтынды нағыз зергер қайтеді? Қайта балқытады, тазартады. Иеді, созады. Сосын өзі ойлағандай жүзік немесе алқа жасай бастайды. Өрнек салады. Басқа жақтан бағалы тас тауып көз етіп орнатады. Енді бұл жарқыраған зергерлік бұйымның құны манағы шикізат ретіндегі бастапқы алтынның бағасынан он тіпті, жүз есе жоғарылайды. Фактімен жұмыс істеу де осы сияқты. Қолға іліккен қалпы жалаң ұсына салмай байыту керек. Айналасын қазбалау керек. Мамандардың сарабына салу керек.

Жақсы фактіні пайдалана отырып, басқа тұстан қате кетсе де, айтар ойдың мәніне күмән туады, көлеңке түседі. Оған кезекті мысал келтірейік. Мынау да сауатты, білімдер жас журналистің мақаласынан:

«Бір жылдары ауылымыздың іргесінде тікұшақ құлады. Ішінде кілең ығай-сығай. Апат орнына алғаш жеткен ауыл адамдары жәшік-жәшік арақ, қыруар қару мен оқ-дәріні көріп, таңғалған. Не де болса ауылдағы жігіттер «күйген қолбаса мен араққа бір тойған едік» деп әлі күнге дейін сол оқиғаны еске алады.»

Иә, факті бар. Ауыл іргесіне тікұшақ құлаған. Онда кілең мықтылар отырған. Оларды ауруханаларға апат орнынан алып кеткенде жергілікті жігіттер тікұшақты барып тінткен. Өздері сөйтіп «күйген қолбаса» мен араққа сылқып тойған.

Автор осы фактіні жалаң берумен тоқтайды. Ал, тұра тұрыңыз. Атам қазақ не деп еді? «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген. Құлаған тікұшақ сол мақал бойынша – бүлінген нәрсе. Апатқа ұшыраған адамдардың затын, тіпті тастап кеткен тамағын тонау кісілікке жата ма? Қазақтың жүздеген жылдар бойғы ұстанған моралі қайда қалды? Оны автор жазғандай «күйген қолбаса» мен араққа айырбастағаннан не шықты? Бар болғаны ұрпақ азды. Ауылда қылмыс көбейді. Кісілік кемшін тартты. Әрбірі бір-бір отау иесі болып отырған жігіттердің бұл ісін көрген балалары да осылай істеуге болады деп ойлады. Кейін олар бір апат кезінде көмекке ұмтылаудан гөрі бірдеңені қақшып қалуға тырысады ғой. Қазақ «көрген көргенні істейді, көсеу түрткенін істейді» демей ме?

Міне, әлгі фактіні келтіргенде осыған назар аудару керек еді. Оның үстіне «күйген қолбаса» дегені несі? Қолбасасы құрғыр күйі үшін алдымен тікұшақ жануы керек. Олай емес сияқты, қыруар қару мен оқ-дәрі толы аман, демек тікұшақ өртенбеген. Ендеше «күйген қолбаса» қайдан шықты? Автордың жауапсыздығынан. «Ысталған қолбаса» деп дұрыс жазса, өзі де «күйген қолбасаның» күйін кешпес еді деп ойлаймыз.

Тоғызыншы сабақты пысықтау:

Қысқа жазудың шеберлерін зерттеу керек.

Журналист әлеуметтік желіде отырғандардан анағұрлым жауапты

Қолдағы фактіні қажетіне қарай сәтімен қолдана біл.

Бір дерекке малдануға болимайды, оны байытып, молайтып және үлкен ойға дейін жеткізіп жазуға ұмтылу керек.